

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IV Республиканской научно-практической
онлайн конференции «Судьбоносные решения Первого
Президента РК Н.А. Назарбаева по формированию нового
Казахстана», посвященной 25-летию Независимости
Республики Казахстан**

**2016 жыл 25 қараша
Астана**

**ӘОЖ 342 (063)
Ж 28**

«Жаңа Қазақстанды қалыптастырудағы ҚР Тұңғыш Президенті
Н.Ә. Назарбаевтың тағдырқешті шешімдері» Қазақстан Республикасы
Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған атты IV Республикалық ғылыми-
практикалық онлайн конференциясы = «Судьбоносные решения Первого
Президента РК Н.А. Назарбаева по формированию нового Казахстана» IV
Республиканская научно-практическая онлайн конференция,
посвященная 25-летию Независимости Республики Казахстан
Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/sborniki-konferentsiy/iv-respublikanskaya-
nauchno-prakticheskaya-onlayn-konferentsiya](http://www.enu.kz/ru/nauka/sborniki-konferentsiy/iv-respublikanskaya-nauchno-prakticheskaya-onlayn-konferentsiya), 2016. – б. (қазақша, орысша).

ISBN 978–9965–31–813-9

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген. В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и ученых гуманитарных наук.

ӘОЖ 342 (063)

ISBN 978–9965–31–813-9

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

СОДЕРЖАНИЕ

1.	Ashimkhanova K.	Territorial and border issues in Central Asia: historical approach	5
2.	Toimbayeva A.S.	Co-operation between France and Kazakhstan in the framework of cultural diplomacy	8
3.	Әбдіғали Н.Ә.	Н.Ә.Назарбаевтың – Қазақстандағы қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту жолындағы саясаты	12
4.	Әбішева М.М.	Ел басының игі бастамаларының бірі – әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі	19
5.	Альжаппарова Б.К.	Из истории «продразверсток» в Центральном Казахстане в начале 1920-х гг.	23
6.	Галимжанова С.Б.	Основополагающие институциональные реформы в экономике Казахстана	29
7.	Еменова Н.	Н.Ә.Назарбаевтың саяси тұлға ретінде қалыптасуы	35
8.	Жумабекова Д.Ж., Капеу-Коханова М.Б.	Роль Первого Президента РК Н.А. Назарбаева в развитии музыкальной инфраструктуры Астаны	41
9.	Жунисбеков Е.Н.	Деятельность РК в ООН: инициативы Н. Назарбаева	43
10.	Ибрагимов Ж.И.	Тұңғыш Президенттің институционалды реформаларды жүргізудегі ролі	47
11.	Иманбай А.Р.	Тарихи дыбыс өзгерістерінің түбір құрылымына әсері	52
12.	Искаков Қ.А.	Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстандағы білімді ұрпақ даярлау жолындағы саясаты	59
13.	Қабылшаев Қ.И.	Ұлы Жеңіске – қомақты үлес (Қазақстан теміржол көлігінің тылдағы ерен еңбегі хақында)	62
14.	Каирбаева Н.А.	МИИДБ-2 іске асыруда арнайы экономи-калық аймақтар ролі және оның құқықтық реттелуі	68
15.	Ковальская С.И.	Роль Первого Президента в разработке концепции по формированию исторического самосознания нации	70
16.	Қосыбаев М.М.	М. Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегіндегі отбасы және туыстық қатынастар жүйесіне қатысты тілдік бірліктердің этнолингвомәдени сипаты	73
17.	Кошман Т.В.	Ассамблея народа Казахстана как модель межнационального единства	79
18.	Махамбетжанова Ж.	Мәңгілік ел болашағы – білімді ұрпақ, саналы жастар	82

19.	Мусабалина Г.Т.	Казахстанский путь в свете Послания Президента РК Н.А. Назарбаева	91
20.	Нугманова К.Ж.	Казахстанский путь и политика Первого Президента Республики Казахстан в продвижении позитивного имиджа страны	97
21.	Оспанова А.Н., Жанбулатова Р.С.	Казахстанско-Российское приграничное взаимодействие и опыт «Еврорегионов» в контексте Евразийской интеграции	102
22.	Пұсырманов Н.С.	Қазақстан қоғамын топтастырудағы Н.Ә.Назарбаевтың тарихи шешімі	109
23.	Сайфолла Ғ.А.	Ұлт көшбасшысының ел конституциясын әзірлеудегі орны	112
24.	Сәрсенбек Д.	Экспо - 2017 көрмесі - елдіктің ерен жеңісі	116
25.	Сергазин Е.Ф.	25 лет - как молчит семипалатинский ядерный полигон	123
26.	Сулеймен Т.	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында дипломатиялық қарым-қатынастың орнауы	126
27.	Токанов Е.Е.	Ұлт көшбасшысының Еуразиялық экономикалық одақ туралы идеялары	136
28.	Турегалиев Б.Б	Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстанды жаңғыртудағы рөлі	143
29.	Үмітқалиев Ұ.Ұ.	Қазақстанға тигізген ядролық сынақ зардабы және Н.Ә.Назарбаевтың ядролық қарудан бас тарту жолындағы күресі	152
30.	Хабдулина М.К., Брынза Т.В.	К тысячелетию Астаны	156
31.	Шойбекова А.С.	Қазақстан тәуелсіздігі жылдарында Р.Қошқарбаев ерлігіне жаңа көзқарастар	160
32.	Юмакаева Э.А.	Бесік в истории казахской материальной культуры	163

France is a reliable partner, which affect positively on Kazakhstan's daily life. Through language, education and culture, it is possible to gain certain experience and increase Kazakhstan's influence in region of Europe.

References:

1. Extract from Thomas Jefferson to James Madison. Paris, Sep.20, 1785 // Monticello. URL: <http://tjrs.monticello.org/letter/1282> (date of access: 23.11.2015)
2. Holden J. Influence and Attraction. Culture and the race for soft power in the 21st century// British Council. URL: www.britishcouncil.org (date of access: 23.11.2015)
3. Косенко С. Культура Франции на службе внешней политики // Обозреватель. Observer. 2013, №10. С. 39
4. www.mfa.kz
5. Extract from La Salle de Lecture Francaise: Kazakhstan and France

Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ – ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ҰЛТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ НЫҒАЙТУ ЖОЛЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

Әбдіғали Н.Ә.

Астана, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Қазақстанда сан алуан этнос өкілдері қазақ халқымен бір қолдың саласындай, бір үйдің баласындай тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Төл тарихымыздан белгілі болғандай, бірлік пен келісім бастауы қазақ ұлтының табиғатына тән. Ат ауыздығымен су ішкен, ер жігіт етігімен су кешкен қиын-қыстау замандарда бірлік басты орында тұрды.

XX ғасырдың басында халықты күйзелткен ашаршылық пен қуғын-сүргін жылдарында да ел бірлігі бұзылмады. Елімізге XX ғасырдың бірінші жартысында украиндар, өзбектер, татарлар, немістер, белорустар, ұйғырлар, корейлер, әзірбайжандар, дүнгендер және т.б. ұлт өкілдері келіп қоныстанды.

Бірлік сұрапыл соғыс майданында өз Отаны, отбасы мен болашақ ұрпағы үшін аянбай айқасқан әке мен атаның асқақ ерлігімен шындалды. Еліміздегі өзара түсіністік пен келісім тың даласын игеру, Қазақстанды өндіріс ошағына айналдыру кезеңдерінде халық жұмыла көтерген жүкпен бірге нығая түсті.

Қазақ елі қазіргі таңда қабырғасы қатайған, пікіріне халықаралық қоғамдастық өкілдері құлақ асатын беделді елге айналды. Еркіндікті аңсаған ата-баба мұрасы жүзеге асып, Алаштың ең асыл мұраты – тәуелсіздікке қол жетті. Қазақ жерінде атқан егемендік таңы -ең алдымен, алып та дархан даланың төсін қанымен суарған, терісі сөгіле қызмет еткен ата-бабаларымыздың қасиетті күресінің заңды да нақты нәтижесі.

Тәуелсіздік орнығуының ең қиын жылдарында халықтың кемелдігі мен елдің Тұңғыш Президенті – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қайраткерлігі нәтижесінде Қазақстанда этносаралық сыйластық пен қоғамдық келі-

сім тұрақты түрде сақталды. Сол жылдары, кеңестік дәуірден қалған дағдарыстан өту, жаңа экономикалық және саяси қатынастарды қалыптастыру жағдайында, қоғамды ұйыстыру ісі: ішкі саяси тұрақтылық, азаматтық татулық және этносаралық келісім қағидалары негізінде жүзеге асқан еді. Егемендік алғанымыздың алғашқы жылдарында-ақ ұлтаралық қатынастар бойынша Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев: «... ішкі саясаттың іргелі қағидасы ұлтаралық келісім принципі болуға тиіс. Міне, осының өзі демократиялық құқықтық мемлекет құрудағы қазақстандық жолдың ерекшелігін және біздің дүниежүзілік қауымдастыққа енуіміздің ерекшелігін айқындайды» - деп атап көрсеткенді [1,9-б].

Содан бері Қазақстанның жетістігіне айналған қоғамдық келісіміміз елдің нәтижелі әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси дамуының кепілі және негізі болып табылды.

Қазіргі жағдайда ұлтаралық келісім сипаты Қазақстан Республикасы Конституциясындағы: «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып...»-деп басталататын жолдардан айқын көрінеді [2,3-б].

Тарихи тәжірибеге сүйенсек, көпұлтты мемлекеттің үлкен дерттерінің біріне – ұлтаралық қақтығыстар жатады. Әйтсе де, қазақ халқының болмысындағы кеңпейілділік пен данышпандық және Президент Н.Назарбаевтың жүзеге асырып отырған салиқалы саясаты Қазақстандағы этносаралық қайшылықтардың болмауына алғышарт жасады. Бұл турада Елбасы: «Қазақстанның этномәдени әртектілігі дегеніміз-біздің артықшылығымыз, бұл қатерлі тұзақ емес, өркендеуіміздің тұғыры» екендігін атап көрсетті [3,144-б].

Қазақстан халықтарының I форумында (1992 ж.) Президент Н.Назарбаев алғаш рет Республика халықтарын біріктіретін қоғамдық ұйым құру туралы идеясын жариялады. Бұл жиында Елбасы: «Біздің басты байлығымыз – халықтар достығын қазақстандықтардың қаншама буын өкілдері жасады. Бәрін де ой сарабынан өткізе отырып, біздің осы байлықтан айырылуға, жақсы дәстүрлерді ұмытуға қақымыз жоқ. Міне, сондықтан да форумды тұрақты негізде өтетін нысанға айналдырып, жаңа қоғамдық институт құруымыз керек» - деген ойын сабақтай отырып, оның нақты жүзеге асатынына сенім білдірген болатын [4,255-б]. Осының нәтижесінде қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту мақсатында, Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 1 наурыздағы «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫ АССАМБЛЕЯСЫН ҚҰРУ ТУРАЛЫ» Жарлығы шықты. Жарлық бойынша Ассамблеяны құрудың негізгі мақсаты айқын көрсетілді: «Қазақстан Республикасында қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық татулықты нығайту мақсатында және Қазақстан Республикасы Конституциясының 78-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан консультативтік кеңесші орган ретінде Қазақстан халықтарының Ассамблеясы құрылсын.
2. Қазақстан халықтарының Ассамблеясы туралы Ереже бекітілсін.
3. Қазақстан халықтарының Ассамблеясының бірінші сессиясы 1995 жылы 24 наурызда шақырылсын...» [6,286-б].

Қазақстан Республикасының Президенті Ассамблея Төрағасы болып табылады. Өңірлік Ассамблеяларды облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері басқарады.

Н.Ә.Назарбаев: «Ассамблея – елдің бірлігінің және келісінің бесігі, бірлік пен тұрақтылықтың баталы шаңырағы» - деп санайды [4,256-б].

Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Халқы Ассамблеясының IX өткен сессиясындағы баяндамада: «Халықтар Ассамблеясы Қазақстанның саяси жүйесінің маңызды бір белгісіне айналды, ол барлық этностардың мүдделерін бірарнаға тоғыстырады, ұлттың тегіне қарамастан барлық азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерінің бұлжытпай сақталуын қамтамасыз етеді» - деді [5,212-б].

«Егер Қазақстан Халқы Ассамблеясы туралы айтатын болсақ, бұл кеңестен кейінгі кеңістіктегі бірегей құбылыс. Ресейде де Ассамблея бар, бірақ оның Қазақстан Халқы Ассамблеясындай конституциялық өкілеттіліктері жоқ...», - деп атап көрсетеді А.Власов.

Көптеген саясаткерлер мен қоғамдық қайраткерлер Қазақстанның қоғамдық тұрақтылығын атап көрсетеді. БҰҰ Бас хатшысы Кофи Аннан Қазақстанды «ұлтаралық келісім мен әлемнің басқа елдері үшін тұрақты, орнықты даму үлгісі» деп атады. Рим Папасы Иоанн Павел II 2001 жылғы қыркүйекте Қазақстанға жасаған сапары кезінде «Ұлы даладағы бейбітшілік пен келісім сүйсіндіреді әрі таң қалдырады және көп ұлтты мемлекетте бейбітшілікті сақтауға болатынын дәлелдейді» деп мәлімдеді. М.Тэтчер «Сары уайымға салынатындар, бәлкім, Сіздің елдегі этностық және діни алуан түрлілік дау-дамайға себепші болып, Қазақстанды әлсіретеді деп ойлаған болар. Алайда, бәрі де керісінше болып шықты. Сіздер басқалар үшін үлгі болып отырсыздар» деп атап көрсетті [4,256-257б].

Республика Президентінің 2002 жылғы 26 сәуірдегі №856 Жарлығымен Қазақстан Халқы Ассамблеясының Стратегиясы мен Ассамблея туралы ереже бекітіліп, онда Ассамблеяның мақсаттары мен міндеттері, құрылымы мен жұмысының ұйымдастырылуы, қызметінің негізгі бағыттары айқындалды.

Ассамблеяның мақсаттары:

- Ұлттық мәселені әділетті шешудің негізі ретінде қоғамдық тұрлаулылықты нығайту;
- Мемлекеттік тіл мен қазақ халқы мәдениетінің өзекті топтастырушы рөлін арқау ете отырып, Қазақстан этностарын қазақстандық патриотизм, азаматтық және рухани-мәдени тұтастық негізінде шоғырландыру жолымен қазақстандық сәйкестікті қалыптастыру;
- Азаматтардың өркениетті әрі демократиялық нормаларға сүйенетін саяси мәдениетін қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының беделін түсіруі ықтимал іс-әрекеттердің, сөз сөйлеу мен пікір айтудың алдын алу және болдырмау;
- Этносаралық қатынастарды үйлестіруді қамтамасыз ету, түрлі этностар өкілдері арасындағы қарым-қатынастарда төзушілік пен сенімді нығайту болып табылады.

Ассамблея қызметі мынадай міндеттерді шешуге бағытталған:

- Рухани бірлік идеясын қалыптастыру және тарату, халықтар достығы мен ұлтаралық келісімді нығайту және сақтау;

- Ассамблеяның мемлекеттік органдармен және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимылының бірыңғай жүйесін жасау арқылы ұлтаралық қатынастар саласындағы келеңсіз үрдістердің алдын алу;

- Ұлтаралық қатынастар саласындағы ахуалға мониторинг жүргізу және талдау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, олардың негізінде қоғамды топтастыруды қамтамасыз ететін практикалық ұсынымдарды тұжырымдау;

- Мемлекет жүргізіп отырған ұлт саясатында әр алуан ұлттық мүдделердің ескерілуін қамтамасыз етуге жәрдемдесу.

- Ассамблея мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін ұлттық-мәдени бірлестіктердің күш-жігерін біріктіру.

Ассамблея қызметінің негізгі бағыттары:

- Ұлтаралық қатынастар мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимыл жасау;

- Қоғамның рухани, мәдени және әлеуметтік-экономикалық даму тұжырымдамалары мен бағдарламаларының жобаларын әзірлеуге қатысу, оларды мемлекеттік органдарда және жұртшылық арасында талқылауды ұйымдастыру, оларды жүзеге асыруға жәрдемдесу;

- Ұлт саясаты мәселелері бойынша заң жобаларына қоғамдық-саяси сараптама жасауға қатысу;

- Ұлтаралық қатынастар саласындағы келіспеушіліктер мен дауларды реттеу, жанжалды ахуалдарды шешу жөнінде ұсынымдар тұжырымдау және практикалық шараларды іске асыруға қатысу;

- Халықаралық ұйымдармен және шет елдердің азаматтық қоғам институттарымен белсенді интеграциялық саясат жүргізу;

- Ұлттық-мәдени бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау;

- Ұлтаралық қатынастар, Қазақстан халықтарының мәдениеті мен тілдерін дамыту және қолдау мәселелері бойынша конференциялар мен семинарлар өткізу;

- Қазақстан Республикасында ұлтаралық қатынастардың жай-күйіне мониторинг жасау;

- Ұлтаралық келісім идеяларын, қағидаттарын және нормаларын насихаттау болып табылады [6,304-305-б].

Тәуелсіздік алғаннан кейін этносаралық қатынастар жүйесінде мемлекеттік тіл және діни қатынастар ел бірлігін қалыптастырудың маңызды факторы болып танылған. Сондықтан да Ассамблея қызметінде мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту маңызды орынға ие. Президент Н.Ә.Назарбаев біздің ортақ Отанымыздың сандаған ұрпақтарының тілі – қазақ тілін сақтап қалу тұрғысында «қазіргі Қазақстанда қазақ тілін жаңғырту мәселесі тек қана қазақ халқына қатысты проблема емес. ...Евразияның мейлінше бай мәдениеттерінің бірі ретінде қазақ тілі мен мәдениетін саналы түрде игеруге дайын болудың да мәні зор», - деп атап көрсетті [3,62-63-б]. Мемлекеттік тіл саясаты қазақ, орыс тілдерімен қатар Қазақстанда мекен ететін басқа да халықтардың тіліне деген құрмет пен қамқорлықты қамтамасыз етеді. Осылайша, қазіргі ұлттық

саясаттың басты тұғыры – тіл мәселесінде де қоғамдағы тепе-теңдікті сақтаудың мүмкін болған барлық шаралары жүзеге асырылды.

Дінаралық келісім қоғам өміріндегі діни фанатизм, экстремизм және ксенофобия дерттерінің алдын алуға мүмкіндік береді. Рухани құндылықтарды қастерлеу тарихи жадыны, ұлттық сана мен салт-дәстүрді сақтаудың бірден-бір сара жолы болып есептеледі.

Қазақстанда дәстүрлі діндер қатарына Ислам діні мен Христиан діні жатады. Ең алдымен осы діндердің рухани келісімі қажет. Бұл діндер Еуразиядағы екі суперэтностың, түркілер мен славяндардың діні болып есептелінеді. Қазақстанда «ислам-христиандық» негізінде еліміздің азаматтарындағы толеранттылық қасиет қалыптасты.

Діни қатынастар тұрғысында Қазақстан оң саясат жүргізіп келеді. Қазақстанның дін туралы заңында діни бірлестіктер мемлекеттен бөлінген және мемлекет қандай да бір діни бірлестікке басымдық беріп, қолдау білдіре алмайтындығы нақты көрсетілген.

Қазақстанда теңдік ұстанымы қалыптасқан. «Толеранттылық арқылы рухани келісімге» атты халықаралық конференцияда Президент Н.Назарбаев: «Біз діни фактордың саяси үдерістермен араласуына жол берген жоқпыз. Қазақстандағы діни конфессиялардың аса маңызды сипаты олардың бір-біріне деген өзара құрметі болып табылады. Көпұлтты және көпконфессиялы Қазақстан халқына әрдайым ерекше толеранттылық, құрмет пен өзара қолдаудың ерекше рухы тән болып келеді. Дінаралық диалогтың қазақстандық моделінің табыстылығының айқын дәлелі ретінде әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің бірінші съезін айтуға болады» - деп атап көрсетті [6,99-б].

Еліміздің дінаралық келісім саясатына барлық дін басшылары қолдау білдіріп келеді. Израильдің бас раввині Йона Мецгер: «Сіздер өз мемлекеттеріңізді халықтар мен діндер арасындағы татулықтың мекеніне айналдырдыңыздар... сондықтан да біздер осы елден үйренуге тиіспіз» - деген пікірін білдірді [6,104-б]. Рим папасы II Иоанн Павел 2001 жылы қыркүйекте Астанаға жасаған сапарында Қазақстанды «шығу тегі мен сенімі әртүрлі ерлер мен әйелдердің үйлесімділігінің үлгісі» деп атаған-ды.

Ассамблея тарапынан шетелдік елшіліктермен, еліміздегі этникалық топтардың тарихи отанымен байланыстар орнатылды.

Ассамблея қызметі этносаралық қатынастар мәселелерін тиімді шешіп келе жатқан ел ретінде Қазақстан Республикасының халықаралық беделінің өсуіне ықпал етуде. Бүгінде Н.Назарбаевтың этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісім үлгісі әлем назарын аударып отыр. ҚР Президенті Н.Назарбаев рухани құндылықтар мен толеранттылық қасиеттер ғана өркениетті қоғам құруға мүмкіндік беретіндігіне ерекше тоқталады: «Бір мәдени дәстүрдің өз құндылықтарын басқа мәдениеттерге таңу ниеті, басқаның сызғыштары бойынша қоғамдық қатынастарды құру әрекеті ешқашан өзара түсіністікке жеткізбейді. Керісінше, мұндай қатал мәдени жаулаушылық одан кем емеса қатал қарсылықты туғызады. Басқа халықтардың тарихи дәстүрлеріне деген құрмет қана, өркениеттердің, діндер мен халықтардың

қатынасындағы әділдік пен шынайылық қана келісім мен имандылық әлемін құруға қабілетті» [6,95-6].

Қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайтудың Қазақстандық үлгісі Біріккен ұлттар ұйымында, ЕҚЫҰ-ға қатысушы елдерде, Копенгагенде, Венада, Женевада, Нью-Йоркте өткен халықаралық форумдарда таныстырылып оң бағаға ие болды, ЕҚЫҰ-ға қатысушы 56 мемлекет тіліне аударылды.

БҰҰ-ның Бас хатшысы Пан Ги Мун елімізге сапары барысында Қазақстан Халқы Ассамблеясының қызметімен танысып «Ассамблея принципі БҰҰ-ның жұмыс принципімен толық сәйкес келеді» деп атап өтті.

Қазақстандық үлгі Қазақстан халқы Ассамблеясы мен ЕҚЫҰ-ның ұлттық азшылықтар ісі жөніндегі Жоғары комиссары арасындағы өзара іс қимылдың негізгі бағыттарының біріне айналды. Қазақстандағы қоғамдық келісім үлгісіне қызығушылық танытушы мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар саны күн санап артып келеді.

Қазақстан Халқы Ассамблеясы мәдениет аралық диалогты нығайтудың жаңа кезеңінің негізін қалап, этносаралық қатынастарды дамыту мәселелерін жоғары деңгейде шешуге мүмкіндік жасайтын әлемдік тәжірибедегі тың бағыт болып табылды. Он сегіз жылдық тарихында Ассамблея қарқынды дамып, елеулі өзгерістерді бастан кешірді.

Бүгінде Ассамблея қызметінің арқасында Қазақстанда этностық немесе діни ерекшелігіне қарамастан әрбір азаматтың Конституциямен кепілдік берілген азаматтық құқықтары мен еркіндігі толығымен қолданылатын этносаралық және конфессияаралық келісімнің айрықша үлгісі қалыптасты. Қазақстанның көпэтностық бай кеңістігінде сенім, келісім мен өзара түсіністік үлгісі орнады.

Бүгінде республикада Қазақстан этностарының мәдениеттері, тілдері, дәстүрлерінің дамуына қажетті барлық жағдай жасалған. Этномәдени бірлестіктердің өзінің саны тұрақты өсуде, қазір олар 800-ден асады, оның ішінде 28-і республикалық. 15 тілде газет-журнал, 8 тілде радиобағдарламалар 7 тілде телебағдарламалар шығады. Білім беру толықтай өзбек, тәжік, ұйғыр және украин тілдерінде жүргізілетін 88 мектеп жұмыс істейді. 108 мектепте 22 этностың тілі жеке пән ретінде жүргізіледі. Осымен қатар, балалардан басқа үлкендер де 30 этнос тілдерін оқуға мүмкіндік алған 195 этно-білім беру кешендері, жексенбілік және лингвистикалық мектептер ашылды. Қазақ және орыс театрларын қоспағанда елімізде тағы төрт ұлттық – өзбек, ұйғыр, кәріс және неміс театрлары жұмыс істейді. Әр жыл сайын Қазақстан этностарының тілдерінде бірнеше ондаған жаңа кітаптар жарық көреді. Жыл сайынға халықтық мерекелер Наурыз, 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, масленица, сабантой дәстүрге айналды [9]. Егер мемлекеттің қалыптасу кезеңінде басты міндет этносаралық төзімділік пен қоғамдық келісім негізінде қоғамды ұйыстыру болса, ел дамуының жаңа кезеңінде, стратегиялық басымдық ретінде, қоғамның барлық азаматтары мойындаған ортақ құндылықтар мен қағидаттар жүйесіне негізделген Ұлт Бірлігіне жету болып табылады. Сондықтан 2010 жылы сәуірде азаматтық қоғам мен мемлекеттік институттардың, азаматтардың сындарлы ұсыныстарын жинақтаған

Қазақстанның Ел Бірлігі Доктринасы қабылданды. Доктринада: «Ұлт Бірлігі Доктринасы – халықтың, уақыт талабына сәйкес бірігу қажеттігін түсінуіне негіз. Бұл – бізді қандай күш біріктіреді және біртұтас етеді- соны түсінудің тәсілі. Бұл – болашаққа бірігіп ұмтылудың серпіні. Доктринаның қажеттілігі өмірдің өзінен, біздің жалпы тағдырымыздан, тарих логикасынан туындап отыр. Өйткені бірліксіз – Ұлт жоқ. Ұлтсыз – мемлекет жоқ. Ал, мемлекетсіз – болашақ жоқ», - деп көрсетілген [7]. Қазақстанның Ел Бірлігі Доктринасы – халықтың, уақыт талабына сәйкес, бірігу қажеттігін түсінуіне негіз. «Ұлт бірлігін негіздейтін бірінші қағидат – әр азаматтың өзінің ортақ тағдыры мен Отанының – Қазақстан Республикасының – ортақ екенін ұғыну. Біздің ұлттық бірлігіміз, этникалық шығу тегіне қарамастан, әрбір адамның жоғары деңгейде Қазақстанмен және оның болашағымен етене бірігуіне негізделген» [7]. Бұл – бізді қандай күш біріктіреді және біртұтас етеді, соны түсінудің тәсілі. Бұл – болашаққа бірігіп ұмтылудың серпіні.

2011 жылдың 18-ші сәуірінде өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XVII сессиясы тек қана тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сындарлы саясатының негізіне айналған бейбітшілікті, келісім мен жасампаздықты паш етіп қана қоймай, алдағы уақыттағы ұстанатын бағыттарын, мақсат- міндеттерін тағы да айқындап берді. 800-ден астам этномәдени бірлестіктер мен әртүрлі этностардың өкілдерінен құралған сессия делегаттарына арнаған сөзінде Елбасы: «Тәуелсіздіктің 20 жылдық тарихы - тұрақтылықтың, Қазақстан халқының достығы мен келісімінің тарихы. Осы жылдар ішінде этносаралық және конфессияаралық теңдіктің тиімді құқықтық базасы құрылды. Оны дін, тілдер еркіндігі туралы, Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы заңдар құрайды. Өткен жылы қабылданған Ел бірлігі доктринасы маңызды қадам болды» деп ерекше тоқталып өтті [8].

Қазақстан Республикасы Президентінің елімізде халықтар достығын нығайтудағы рөлі өте үлкен.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының Стратегиясы. – Алматы: Дәуір, 1992. - 56 б.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы.- Астана: Елорда, 2008. - 56 б.
3. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 1999. - 296 б.
4. Турецкий Н.Н. Қазақстан билігінің заң шығарушы тармағы. - Алматы: Норма-К, 2011. - 336 б.
5. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халықтар Ассамблеясының 1-10 сессияларындағы баяндамалары жинағы(қазақ және орыс тілдерінде). - Астана: Елорда, 2005. - 440 б.
6. Тоғжанова Е.Л., Кан Г.В., Коробков В.С., Шаяхметов Н.У. Қазақстан Халқы Ассамблеясы: Тарихи очерк. - Алматы: Раритет, 2010. - 328 б.
7. ҰЛТ БІРЛІГІ ДОКТРИНАСЫ.// www.assembly.kz

8. Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XVII сессиясында сөйлеген сөзі. 18.04.2011ж. // www.akorda.kz
9. Қазақстан халқы Ассамблеясы.// www.akorda.kz

ЕЛБАСЫНЫҢ ИГІ БАСТАМАЛАРЫНЫҢ БІРІ – ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ СЪЕЗИ

Әбішева Мәдина Мағазқызы
abisheva_mm@enu.kz

тарих ғылымдарының кандидаты, халықаралық қатынастар факультеті деканының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында Түрлі әлеуметтік, этникалық және діни топтардың келісімі мен татулығына қатысты арнайы жолдар бар. Сол тарауда: «Біз қазақ халқына, біздің мәдениетіміз бен тілімізге қатысты тарихи әділдікті қалпына келтірдік. Этникалық, мәдени және діни әралуандыққа қарамастан, елімізде бейбітшілік пен саяси тұрақтылықты сақтадық. Қазақстан 140 этнос пен 17 конфессияның өкілдері үшін туған шаңырағына айналды. Азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім — біздің басты құндылығымыз. Көпұлтты еліміздегі татулық пен келісім, мәдениеттер мен діндердің үндесуі әлемдік эталон ретінде танылған. Қазақстан халқы Ассамблеясы мәдениеттер үндесуінің бірегей еуразиялық үлгісі болды. Қазақстан жаһандық конфессияаралық үнқатысу орталығына айналды» деген Елбасының қорытынды сөздері мен тұжырымдарымен танысуға болады [1].

Қазақстан — ислам, христиан және буддизм сынды әлемдік ірі діндердің табиғи тоғысқан мекені. Бұл жерде ғасырлар бойы әртүрлі халықтар мен этностардың өкілдері бейбіт өмір кешіп, еңбек етті. Осылай, өзара байып, өркендеуге алып келген бекем мәдени және рухани байланыстар қалыптасты. Бүгінде біздің халқымыз бұл баға жетпес құндылықты сақтап, ұлғайтып, болашақ ұрпаққа мирас етіп қалдыруға ынталы.

Қазақстанның этосаралық және конфессияаралық татулықтағы қол жеткізген жетістіктерінің нәтижесінде, әлем мойындаған дара да дана жолының арқасында 2010ж. Еуропа Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымына, 2011ж. Ислам Конференциясы Ұйымына басшылық ету мәртебесіне ие болған болатын.

Қазақстан өзінің 25 жылдық тәуелсіздігі мерзімінде өз қоғамының дара этносаралық және конфессияаралық келісім моделін қалыптастыра білді. Бүгінгі күні біздің еліміз ондаған ұлт пен ұлыстың киелі шаңырағына айналды. Елбасы Қазақстанның этномәдени және конфессиялық алуандылығын мол байлық, қазақстандықтарға бағалы мәдени жетістіктерімен басқа халықтармен алмасуға мүмкіндік беретін біздің тұтас қоғамымыздың жалпыға бірдей игілігі